

А.М.Қалғожина¹, А.Т.Жұмашева²

¹Қырғызстан халықаралық университеті, Бішкек;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: k_aigul_75@mail.ru)

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы сыбайлас қатысу институтының новелласы

Мақала қылмыстық құқық бұзушылықтардағы сыбайлас қатысу институтының теоретикалық жаңалықтарын шолуға арналған. 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі көп жағынан 1997 жылғы Қылмыстық Заңның нормаларын сақтап қалды (сыбайлас қатысу түсінігі, сыбайлас қатысушылардың түрлері, олардың жауаптылығының негіздері және шектері). Қазақстанның қолданыстағы қылмыстық заңнамасының негізгі жаңа енгізулері: қылмыстық құқық бұзушылықта сыбайлас қатысу нысаналарын (адамдар тобы, алдын ала келісім бойынша адамдар тобы) және сыбайлас қатысудың ұйымдасқан нысаналарын (қылмыстық топ) ажырату. Авторлармен қылмыстық топ түрлерінің заңнамалық анықтамалары талданған, олардың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық ерекшеліктері анықталған.

Кілт сөздер: 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, қылмыстық құқық бұзушылықта сыбайлас қатысу, қылмыстық құқық бұзушылықта сыбайлас қатысу нысаны, ұйымдасқан қылмыстық әрекетте сыбайлас қатысу нысаны, қылмыстық топ, қылмыстық топтар түрлерінің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық өлшемдері.

Жеке бір адамның қылмыстық әрекетімен салыстырғанда, қылмыстық әрекеттерді біріге отырып жасау криминалды жүріс-тұрыстың ең қауіпті нысаны болып табылатыны бәріне мәлім. Жүзеге асырылуы қиын, яғни, аса ауыр немесе ауыр санаттағы қылмыстар қатарына жататын ауыр қылмыстарды іске асыру үшін сыбайлас қатысушылардың күштерін біріктіруге итермелейді, оларға қылмыстық мақсатқа жету үшін кедергілерді жеңіл айналып өтуге және криминалды әрекеттің ізін мықты жасыруға мүмкіндік береді.

Сыбайлас қатысу институты қылмыстық заңнама институтының және нормалар жүйесінің ажырамас, органикалық бөлігі болып табылады, сондықтан оның мақсаттары және міндеттері жалпы қылмыстық заңнаманың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес анықталады. Бірақ оның өзіне сәйкес міндеті бар, ол келесі сипатқа ие: біріншіден, оның заңда бекітілуі тікелей қылмыстық құқық бұзушылық жасамаған, бірақ белгілі бір дәрежеде оның жүзеге асырылуына себептес болған адамдардың жауаптылығын заңмен негіздеуге мүмкіндік береді; екіншіден, сыбайлас қатысушылардың әрекетін саралаудың ережесін анықтауға мүмкіндік береді; үшіншіден, заңмен бекітілген сыбайлас қатысушылардың нысаналары, сыбайлас қатысушылардың жауаптылығын жіктеу үшін маңызды құрал болып табылады; төртіншіден, олармен өндірілген өлшемдер сыбайлас қатысушылардың жауаптылығын және жазасын жеке дараландыруға мүмкіндік береді.

1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бірнеше адамдардың біріге күш салу арқылы жасалатын қылмыстардың қоғамға аса қауіптілігін ескере отырып, жалпы қабылдады және кеңес қылмыстық құқық ғылымымен құрастырылған сыбайлас қатысу теориясының доктриналды қағидаларын дамытты. Сыбайлас қатысудың реттемелеу түсінігі, сыбайлас қатысу нысаны, сыбайлас қатысушылардың түрлері, олардың жауаптылығының негізі және шекарасы, сыбайлас қатысушының бұзақылығы, сыбайлас қатысу арқылы жасалған қылмыс үшін жазаны тағайындау түрі атты нормалары бекітілді.

Бірақ сыбайлас қатысуды саралау барысында пайда болатын мәселелер, топпен жасалатын қылмыстар санының өсуі және бірінші кезекте ұйымдасқан қылмыстардың трансұлттық деңгейге шығуы, сыбайлас қатысушылардың жауаптылығын бекітетін нормаларды жетілдіру қажеттілігін өзектендірді.

2009 жылдың 24 тамызында № 858 ҚР Президентінің Қаулысымен бекітілген, ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасының 2.8 тармағында басымды бағыттар ішінде ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында немесе қылмыстық қоғамдастық құрамында жасалған қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту қарастырылған.

Осы себептен 2014 жылғы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде сыбайлас қатысу институты, оның ішінде топпен жүзеге асырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты бекіту бөлігі бірқатар өзгерістерге ұшырады.

Қазақстан Республикасының жаңартылған қылмыстық құқығында «қылмыстық құқық бұзушылықта сыбайлас қатысу» термині бірнеше адамдардың қылмыстық әрекетінің ерекшелігін қамтиды. Сыбайлас қатысу түсінігі, сыбайлас қатысушылардың түрлері туралы нормалары, олардың жауаптылығының негіздері мен шекаралары түсініктері өзгеріссіз қалдырылды.

Қолданыстағы Қазақстанның қылмыстық заңнамасындағы ең негізгі жаңа енгізу — ол «қылмыстық құқық бұзушылардың», қылмыстық әрекеттерді жазалау жүйесінің екі бөлімді енгізілуі — «Қылмыстық теріс қылық» және «Қылмыс». ҚР ҚК 10-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

Қылмыстық заңның келесі новелласы — «сыбайлас қатысу нысанасы» терминінің жоқтығы. 31-баптың аталуы «Топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық». Бірақ бұл сыбайлас қатысудың нысаны жоқ екендігін білдірмейді. Қылмыстық құқық бұзушылықты біріге атқару үшін біріккен адамдардың арасындағы өзара әрекет ету сипатымен және тәсілдері, бұрынғыша әр түрлі болып қалады. Заңнама, әрине, бұл деректі жоққа шығара алмайды.

Біздің пікірімізше, қолданыстағы қылмыстық заңнамаға қылмыстық құқық бұзушылықтағы сыбайлас қатысу нысанасы туралы және жеке дара, сыбайлас қатысудың ұйымдасқан нысаналары туралы айту орынды. Қылмыстық құқық бұзушылықта сыбайлас қатысудың нысанасы деп екі немесе одан да көп орындаушымен (ҚК 31-б. 1-б.) және алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен жасаған (ҚК 31-б. 2-б.) қылмыстық құқық бұзушылық таңылады.

Сыбайлас қатысудың басқа барлық нысаналары «қылмыстық топ жасаған қылмыс» түсінігіне біріктірілген. ҚК 31-б. 3-б. сәйкес қылмыстық топқа енетіндер: қылмыстық ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым.

Ұйымдасқан қылмыстық әрекеттердің барлық тізбектелген сыбайлас қатысудың нысаналарының нормативті анықтамалары ҚР ҚК 3-б. берілген. Кодексте мазмұндалған негізгі түсініктердің мағынасын ашатын арнайы баптың болуы ҚР ҚК новелласы болып табылады. Қолданылатын терминдерді заңнама деңгейінде түсіндіру қылмыстық заңды біркелкі қолдануды қамтамасыз ету үшін маңызды. Алдағы өткен қылмыстық заңдарды қолдану көрсеткендей, қылмыстық-құқықтық терминдердің белгісіздігі, түсініксіздігі, көпмағыналылығы соттық-тергеу тәжірибесіне жаңылыс енгізеді, заңдылық қағидасында дәрекі қателіктерге ұрындырады.

Екі немесе одан да көп орындаушы және алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған сыбайлас қатысу нысаналарының белгілерін анықтау қиындықтар туғызбайды. Сыбайлас қатысудың үшінші нысанасы — қылмыстық топ жеке дара талдауды қажет етеді [1; 132], себебі қылмыстық әрекеттің ұйымдасқан нысаналары алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстан жоғары дәрежеде ұйымшылдығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар ҚР ҚК «Қылмыстық топпен жасалған қылмыс» көптеген баптардың жауаптылықты аса күрделі ауырлататын жағдай ретінде бекітілген.

Бір жағынан, осындай заңнамалық тәсіл құқық қолданушыны қылмыстық топтың нақты түрін анықтау қажеттілігінен босататын сияқты. Бірақ ҚР ҚК 31-б. 4 және 5-б. Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда қылмыстық топты ұйымдастырғаны және оған басшылық еткені үшін, қылмыстық топ жасаған барлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады, қылмыстық топтың басқа қатысушылары Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда, оған қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылықта тартылады деген келесі ереже бекітілген. Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларға әр түрлі сипаттағы қылмыстық топтарды ұйымдастырғаны, басшылық еткені және қатысуы үшін жауаптылықты бекіту 182, 262–286-б. көрсетілген. Яғни қылмыстық топқа қатысушылардың әрекетін дұрыс саралу үшін заң қолданушы осындай топтардың нақты түрін бекітуі міндетті.

Қылмыстық топтардың түрлерінің заңнамалық анықтамаларын талдау көрсеткендей, олардың бірқатары біртекті, ал басқалары оған қатысты оның түр асты болып келеді. Мысалы, трансұлттық ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым

ұйымдасқан топтың түр астылары болып табылады. Олардың барлығында ұйымдасқан топтың белгілері бар, бірақ сонымен қатар қосымша ерекшелендіретін белгілері де бар. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, өз кезегінде, қылмыстық қоғамдастықтың түр асты болып табылады.

ҚР ҚК 3-б. 36-т. сәйкес ұйымдасқан топ — бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатында алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы.

ҚР Жоғарғы Соты 2001 жылғы 21 маусымдағы Жоғарты Соттың «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы» нормативтік Қаулысының 11-тармағында түсініктеме берген, яғни «ұйымдасқан қылмыстық топ пен банданың тұрақтылығын, атап айтқанда, оның құрамының тұрақтылығы, оның мүшелерінің өзара тығыз байланыстылығы, олардың келісе отырып іс-әрекет жасауы, қылмыстық қызметтің формалары мен тәсілдерінің тұрақтылығы, оның өмір сүруінің ұзақтығын байқатады».

Заңда қарастырылған тікелей ұсыныстың күшіне орай, ұйымдасқан топ бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жасау мақсатында құрылуы мүмкін. И.Ш. Борчашвилидің пікірі бойынша, заңшығарушының ұйымдасқан топтың бір немесе бірнеше қылмыстарды жүзеге асыру үшін ғана ұйымдастырылатыны туралы көзқарасымен келісуге болмайды. Автор негіздеп атап өткендей, осы түрдегі талдауда ұйымдасқан топ және алдын ала сөз байласу арқылы адамдардың тобы арасындағы нақты шекарасы жоғалады, ал шекараның жоғалуы қателіктерді тудырады, кейбір жағдайларда құқық қолдану іс-әрекет үрдісінде қызметті теріс пайдалануды тудыруы мүмкін [2; 79]. Жоғарыда аталғандарға сәйкес, ғалым ұйымдасқан қылмыстық топ деп «бірнеше қылмыстарды жүзеге асыру ниетімен алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобын» түсіну қажет деп ұсынады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы мен және ұйымдасқан топ арасындағы айырмашылықты олардың жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың санына қарай ажырату қажет емес, ол басқа белгілерге қатысты. Ұйымдасқан топтың алды ала сөз байласу арқылы қылмысты жасаған адамдардың тобынан ерекшелендіретін негізгі белгілерге жататындар, ол олардың ұйымдастырылуы және тұрақтылығы болып табылады [3; 67]. В.Коновалов атап өткендей, «алдын ала сөз байласу алдын ала сөз байласқан адамдар тобына және де ұйымдасқан топқа да сәйкес қасиет болып табылады. Ұйымдасқан топтың қажетті бөлігі ретінде берілген белгі белгілі бір шарттарда алдын ала ұйымдастырушылыққа өзгертіледі» [4; 213].

Біз өз кезегімізде, бұл белгі тек қана ұйымдасқан топқа ғана емес, сонымен қатар қылмыстық топтардың барлық түрлеріне сай белгі болып келеді. Ұйымдастырылғанға енетіндер: екі немесе одан да көп адамдардың бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жүзеге асыру жоспарын дайындау, алды ала рөлдерді бөліп беру, құралдарды бейімдеу немесе мүмкін болатын кедергілерді жою, іздерді немесе қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамдарды жасыру және ұрланғандарды өткізу не жасыру шарттарын алдын ала дайындау.

Қылмыстық топтың келесі түрі — қылмыстық қоғамдастық. ҚР ҚК 3-б. 25-т. сәйкес қылмыстық қоғамдастық — бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірлесіп жасау, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды өз бетінше жасауына жағдайлар жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі.

Байқап отырғандай, заңшығарушы қылмыстық қоғамдастықты ұйымдасқан топтың бір түрі (түр асты) ретінде қарастырады. Яғни ұйымдасқан топты сипаттайтын барлық белгілер, толығымен қылмыстық қоғамдастыққа да қатысты болады. Қылмыстық қоғамдастық ұйымдасқан топтардың басқа түрлерінен жоғарғы дейгейде ұйымшылдығымен ерекшеленеді, ол нақты көрсетілген құрылымдық бөлімдердің бар болуымен көрсетіледі. Құрылымдық бөлімдер бірнеше белгілермен оңашаланады: 1) ұйымдастырылуы (*бригада, буын, оңтайлы топтар* және т.б.); 2) қызмет ету (*атқосшы, қалташы, жарушы, киллер* және т.б.); 3) аумақтық (*жергілікті, бөтен, шет елділіктер* және т.б.); 4) «жеке құрамы» бойынша (*көшелік ұры-қара, спортсмендер, құқық қорғаушы органдардың бұрынғы қызметкерлері* және т.б.).

Ұйымдасқан топтың келесі түріне трансұлттық ұйымдасқан топ жатады. ҚР ҚК 3-б. 35-т. сәйкес ұйымдасқан топтың трансұлттық сипатына келесі жағдайлар көрсетеді: 1) қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мемлекеттердің аумағында жүзеге асырылады; 2) қылмыстық құқық бұзушылық бір мемлекеттің аумағында жүзеге асырылады, бірақ басқа мемлекеттің аумағында дайындалады немесе оның жүзеге асырылуы басқа мемлекеттің аумағында біріктіріледі; 3) қылмыстық құқық

бұзушылық бір мемлекеттің аумағында жүзеге асырылады, бірақ ұйымдасқан топтың құрамына бірнеше мемлекеттердің азаматтары енеді.

Көрсетілген белгілер трансұлттық қылмыстық ұйымға да сәйкес келеді, ол дегеніміз — екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін қылмыстық ұйым (ҚР ҚК 3-б. 34-т.).

Ұйымдасқан топтың келесі түр астыларына террористік топ және экстремистік топ енеді — олар жасалатын қылмыстың сипатына қарай бөлінген. Террористік топ — бір немесе бірнеше террористік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-б. 31-т.). ҚР ҚК 3-б. 30-т. террористік қылмыстардың барлық түрлерінің тізімі берілген.

Экстремистік топ — бір немесе бірнеше экстремистік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-б. 40-т.). Экстремистік қылмыстардың тізімі заңмен бекітілген (ҚР ҚК 3-б. 39-т.) және, бір жағынан, террористік қылмыстар тізіміне ұқсас келеді. Терроризм экстремизмнің соңғы көрінісі болып табылатындығымен түсіндіріледі. Осы жағдайға байланысты бір уақытта террористік және экстремистік қылмыстарды жүзеге асыруды мақсаты деп таныған ұйымдасқан топты қай қылмыстық топқа жатқызамыз деген сұрақ туындайды.

Банда басқа ұйымдасқан топтардан екі белгісімен ерекшеленеді: 1) қаруланғандығымен; 2) азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтіні (ҚР ҚК 3-б. 7-т.). Сонымен қатар жаңа қылмыстық заң банданың қарулануы белгісін кең талдауға негіздеме береді, себебі банданың мүшелері қару ретінде пайдаланатын заттармен де қарулануы мүмкін. Қару ретінде қолданатын заттар деп нені түсінуге болатын сұраққа жауап алу үшін 2003 жылғы 11 маусымдағы «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Жоғарғы Соттың нормативті қаулысына жүгінеміз. Қарақшылық шабуыл құрамына қатысты ҚР Жоғарғы Сотының түсініктемесі бойынша «қару ретінде пайдаланылатын заттар деп жәбірленушінің денсаулығына немесе өміріне қауіпті зиян келтіруі мүмкін (*тұрмыста қолдануға арналған пышақтар, ұстара, балта, бұрағыш*, арнайы бейімделген құралдар: *шоқпар* және т.с.с.) құралдар танылады».

Біздің көзқарасымызша, банданың қарулануын кең көлемде түсіндіру бандитизмді, қаруды және басқа да қару ретінде пайдаланатын заттарды қолдану арқылы ұйымдасқан топпен жасалған қарақшылықтан шектетуге мүмкіндік бермейді.

Қылмыстық топтың ерекше түріне — заңсыз әскерлендірілген құралым жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген, әскерлендірілген типтегі ұйымдық құрылымы бар, жеке-дара басшылыққа ие, соғысқа қабілетті, қатаң тәртіпке бағынған құралым (ҚР ҚК 3-б. 18-т.).

Қылмыстық заңда «құралым» түсінігі берілген, бірақ оның түрінің үлгілі тізімі көрсетілген — бірлестік, жасақ, дружина немесе өзге де топ. Арнайы әдебиеттерде құралым деп әскери бөлім немесе негізгі көрсеткіштері соған ұқсас әскери ұйымдар түсіндіріледі (мүшелерінің саны, қарулануы, әскери операцияларды жүргізуге дайындығы және тәртібі) [5; 44].

Топтың құралым ретінде танылуы үшін, мүшелерінің қажетті минималды саны заңмен анықталған — ең аз дегенде үш адам. Мұндай құралымның ұйымдастырылуы қатаң басқару және бағынушылықпен, міндеттерді бөліп берудің нақты нұсқамасымен белгілі бір тәртіппен, формалданған қарым-қатынастармен, іштегі жүріс-тұрыс нормаларымен және оларды бұзғаны үшін санкцияларымен және жалпы айрықша белгілерімен (формасы, таңу белгілері және т.б.) ерекшелінеді. Құралымдар әр түрлі аталуы мүмкін, оның ішінде ресми қаруланған құралымдар болуы мүмкін.

Заңсыз құралымның міндетті белгісіне оның қарулануы жатады. Бұл жағдайда қарулану дегеніміз — құралымда штаттық кестеге және бекітілген нормативтермен сәйкес қарудың болуы. Саралау үшін қарудың түрлері және саны маңызды емес және құралымның алдында қойған міндеттеріне байланысты [6; 145].

Бандаға қарағанда берілген жағдайда қарулану белгісі тар көлемде түсіндіріледі. Қару — конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға арналған құрылғылар мен заттар. Ол зауыттық немесе қолдан жасалғанына қарамастан, атыс қаруы (*винтовкалар, автоматтар, аңшылық қарулар, карабиндер, пистолеттер* және т.б.), суық (*кинжалдар, кастеттер, найзалар, нунчактар, қол шоқпарлар* және т.б.), лақтырылатын (*арбалеттер, лақтырылатын пышақтар* және т.б.), газды болуы мүмкін (*револьверлер, пистолеттер*). Қаруланған құралымдар деп оқ-дәрі қаруларымен жабдықталғанда танылады (*миналар, снарядтар, гранаталар,*

атыс қаруларына келетін патрондардың барлық түрлері және т.б.), жарылғыш заттармен (аммониттар, пластиттар, эластиттар, тротилдер, түтінмен және түтінсіз дәрі, қатты зымыран отыны және т.б.) немесе жарылғыш құрылғылар.

Өзінің пайда болуында ешқандай нормативтік базасы жоқ, сонымен қатар заң асты нормативті құқықтық актілер негізінде пайда болған құралымдарды заңсыз деп танымыз.

Заңсыз әскерилендірілген құралымның басқа қылмыстық топтардан ең бір маңызды айырмашылығы ол әрдайым қылмыстық мақсатты қудаламайды. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатын қудалау үшін құрылған заңсыз әскерилендірілген құралымдардың пайда болу оқиғалары бізге таңымал. Бірақ оған қарамастан, олар заңды бола алмайды.

Сыбайлас қатысудың ең бір қауіпті нысанасына қылмыстық қоғамдастық жатады — бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірлесіп жасау, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды өз бетінше жасауына жағдайлар жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі (ҚР ҚК 3-б. 23-т.).

Берілген анықтама ТМД елдерінің Модельдік Қылмыстық кодексінің 38-б. 4-т. берілген түсініктемеден ерекшеленеді, оған сәйкес қылмыстық қоғамдастық «заңсыз табыстарды алу мақсатында ұйымдасқан қылмыстық топтардың біріккен ұйымы» деп мазмұндалған.

Салыстыру үшін 1997 жылғы ҚР ҚК алғашқы басылымында қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) деп «ұйымдастырылған қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) оның ауыр және аса ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған немесе сол мақсаттар үшін ұйымдасқан топтардың ұйымы не біріктірілуі», ал соңғы басылымда «бір немесе бірнеше қылмыстарды жүзеге асыру мақсатында құрылған ұйымдасқан топтардың бірігуі». Қылмыстық қоғамдастықты анықтау ережесінде көрсетілген айырмашылықтардың бар болуы қазіргі таңдағы Қазақстанның қылмыстық-құқықтық доктринасында бұл әлеуметтік қауіпті құбылыстың нақты критерийлері мен көрсеткіштерінің жоқ болуын дәлелдейді.

Қылмыстық қоғамдастық тұрақты құрылымды ұйым ретінде кез келген ұйымдасқан топтарда пайда болмайды, ал тек қана қылмыстық ұйымдарда ғана. Яғни қылмыстық қоғамдастықтың құрамына тек қана қылмыстық ұйымдар-мүшелері жекеленген топтарға бөлінген ұйымдасқан топтар (құрылымдық бөлімшелерге).

Қылмыстық ұйымдарды біріктіру тек қана оған енетін адамдардың қызметтері мен рөлдерін нақты бөлу ғана маңызды емес, сонымен қатар, ең маңыздысы, осындай қоғамдастықтағы ішкі құрылымдардың арасындағы өзара байланыс белгісі бір күрделі байланыс жүйесінің болуы.

Бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жүзеге асыру мақсатында құрылғандығы туралы қылмыстық қауымдастықтың сипаттамасы, оның арнайы ерекшелігін көрсетпейді. Қауымдастықтың құрамына енетін барлық қылмыстық ұйымдар бұл құқық бұзушылықты жүзеге асыру үшін қатыса алады деген жағдайдың заңда көрсетілуі басты маңызға ие.

Бір немесе бірнеше қылмыстық ұйымдармен қылмыстық құқық бұзушылықты өз бетінше жүзеге асыру үшін шарттарды жасау, кейбір жағдайларда бірнеше қылмыстық ұйымдардың бірігуінің мақсаты болуы мүмкін.

Қылмыстық топтың соңғы түрі — трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (ҚР ҚК 3-б. 33-т.). Ол өздігінше «екі немесе одан да көп трансұлттық қылмыстық ұйым бірлестігін» құрайды. Яғни қылмыстық қауымдастықтың трансұлттық сипаты қылмыстық ұйымға енетін трансұлттық сипатпен анықталады. Атап өту қажет, қылмыстық топтардың қылмыстық-құқықтық белгісін криминологиялық және психологиялық белгісімен араластыруға және шатастыруға болмайды. Бір жағынан, криминологиялық және әлеуметтік-психологиялық белгілерді жоққа шығаруға болмайды, себебі олар жиі қылмыстық топтың қылмыстық-құқықтық белгісінің бар екендігінің дәлелі болып табылады. Ал кейбір жағдайларда бұл белгілерсіз ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтардың қылмыстық-құқықтық белгілерін ашу мүмкін емес.

Танымал болғандай, топтар ұйымдасу деңгейі, құрылымы және қылмыстық бағыттылығы жағынан біркелкі емес [7]. Ол экономикалық, әлеуметтік, географиялық және этникалық факторлармен байланысты. Сондықтан ұйымдасқан қылмыстықтың деңгейін ескеру қажет, ол оның белгілі бір аумақта қалыбын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Криминологиялық критерийді қолдана отырып, Қазақстанның жаңа қылмыстық заңнамасында ұйымдасу деңгейіне байланысты қылмыстық топтардың келесі түрлері бөлінген, олар ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-б. 36-т.), қылмыстық ұйым (ҚР ҚК 3-б. 25-т.) және қылмыстық қоғамдастық (ҚР ҚК 3-б. 23-т.). Ең жоғарғы деңгейде желілік құрылымды криминалды ұйымдармен ұсынылған.

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды әрекетінің аумақтық қарқындылығына сәйкес аумақтық, аумақаралық, барлық елдер аумағында әрекет етуші және транұлттық (халықаралық) деп бөлуге болады [8; 61]. Яғни, қылмыстық топтардың түр астылары, трансұлттық ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-б. 35-т.), трансұлттық қылмыстық ұйым (ҚР ҚК 3-б. 34-т.) және трансұлттық қылмыстық қоғамдастықты (ҚР ҚК 3-б. 33-т.) әрекетінің аумақтық қарқындылығына қарай халықаралыққа, ал қалған басқаларын — мемлекет ішілікке жатқызуға болады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтарды әрекетінің бағытына қарай саралауға болады — қандай түрдегі қылмыстық құқық бұзушылықты жүзеге асыруға байланысты біріктірілуі. Қазақстанның қолданыстағы қылмыстық заңына сәйкес берілген саралау критеріі бойынша ұйымдасқан топтардың келесі түр астылары бөлінген, олар террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерлендірілген құралым.

Көрініп отырғандай, 2014 жылғы ҚР ҚК сыбайлас қатысу институтын жетілдіру қылмыстық қол сұғушылықтан қоғамның және мемлекеттің мүддесін қорғау туралы маңызды әлеуметтік міндетті шешуге мүмкіндік беруге арналған. Сонымен қатар қолданыстағы қылмыстық заңнамада қарапайым және күрделі сыбайлас қатысу түсінігін бекітетін норма қарастырылмаған, ол, яғни, біршама негізделген болып табылады, себебі ол типтес бөлу тек қана доктриналды мағынаға ғана ие емес, сонымен қатар сыбайлас қатысу арқылы жасалған әрекеттерді саралау үшін тікелей әсер етеді. Сондықтан, біздің пікірімізше, сыбайлас қатысу нысанасын қылмыстық құқық бұзушылықта және сыбайлас қатысудың ұйымдасқан нысанасы түрінде заң түрінде бөлу ойға қонымды.

Қылмыстық құқық бұзушылықта сыбайлас қатысу нысанасы ретінде адамдардың тобы (бірлесіп орындаушы) және алдын ала сөз байласқан адамдар (рөлдерді бөлу кезінде сыбайлас қатысу) тобы танылады. Қылмыстық топтардың барлық түрлері және түр астылары сыбайлас қатысудың ұйымдасқан нысанасына жатқызылуы тиіс.

Топтық қылмыстарды құқық қолданушы органдардың дұрыс саралауы үшін 2001 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативті Қаулысы көмек болу қажет. Сонымен қатар берілген қаулы жаңадан қабылданған қылмыстық заңның ерекшелігін ескермейді және тәжірибенің қажеттіліктеріне жауап бермейді.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу саласында қазіргі таңда қалыптасқан жағдай берілген мәселенің теоретикалық түрде толығымен жеткіліксіз пысықталмауының салдары болып табылады. Сыбайлас қатысу туралы қылмыстық-құқықтық нормалардың тұрақсыздығы заңшығарушы тарапынан, сонымен қатар ғылыми қауым тарапынан ұйымдасқан сыбайлас нысанасына қарсы әрекет етудің стратегиясы және тактикасы туралы нақты түсініктің жоқ екендігін көрсетеді. Құқықтық, криминологиялық, криминалистикалық және жедел-ізвестіру концепциясында және сәйкес келетін анықтау, ашу, тергеу, алдын алу және ескерту туралы ғылыми негізделген және тәжірибелік тексерістен өткен ұсыныстарда анық вакуум байқалатыны көрініп тұр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Апенев С.М.* Научная обоснованность уголовно-правовой нормы как условия их эффективности (или теоретические вопросы классификации форм соучастия) // Вестн. КазНУ. Сер. Международные отношения и международное право. — 2015. — № 1. — С. 131–138.
- 2 *Уголовное право Республики Казахстан: учеб.-метод. пособие.* — Караганда: КарЮИ МВД РК, 2010. — 278 с.
- 3 *Өзбеков Д.Ө.* Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық сыбайластық ұғымының кейбір мәселелері // Қарағанды ун-нің хабаршысы. Құқық сер. — 2013. — № 3. — 60–69-б.
- 4 *Проблемы ответственности соучастников преступления* // Уголовное право. Особенная часть. — М.: Триада, 2006. — 562 с.
- 5 *Мальцев В.* Ответственность за организацию незаконного вооруженного формирования или участие в нем // Российская юстиция. — 1999. — № 2. — С. 41–52.
- 6 *Курс уголовного права: в 5 т.* — Т. 4. Особенная часть / Под ред. Г.Н. Борзенкова, В.С. Комиссарова. — М.: Зерцало, 2002. — 436 с.
- 7 *Абисатов М.Х.* Современное состояние организованной преступности в Казахстане: Предварительные итоги криминологического исследования. — [ЭР]. Режим доступа: http://www.law.edu.ru/doc/document.asp?docID=1234958#_ftn22. — 16.02.2016 г.
- 8 *Максимов С.В., Васин Ю.Г., Утаров К.А.* Организованная преступность и проблема моделирования борьбы с ней // Государство и право. — 2015. — № 10. — С. 54–65.

А.М.Калгужинова, А.Т.Жумашева

Новеллы института соучастия в уголовном законодательстве Республики Казахстан

Статья посвящена теоретическому обзору положений института соучастия в уголовном правонарушении. Новый Уголовный кодекс Республики Казахстан 2014 г. во многом сохранил нормы уголовного закона 1997 г. (понятие соучастия, виды соучастников, основания и пределы их ответственности). Выделено основное нововведение действующего уголовного законодательства Казахстана: разграничение форм соучастия в уголовном правонарушении (группа лиц, группа лиц по предварительному сговору) и организованных форм соучастия (преступная группа). Авторами проанализированы законодательные определения разновидностей преступных групп, определены их уголовно-правовые и криминологические особенности.

A.M.Kalguzhinova, A.T.Zhumasheva

Short stories of institute of partnership in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan

Article is devoted to the theoretical review of provisions of institute of partnership in a criminal offense. The new Criminal code of the Republic of Kazakhstan of 2014 has in many respects kept standards of the criminal law of 1997 (concept of partnership, types of accomplices, the bases and limits of their responsibility). The main innovation of the existing criminal legislation of Kazakhstan: differentiation of forms of partnership in a criminal offense (group of persons, group of persons by previous concert) and organized forms of partnership (criminal group). Authors have analysed legislative definitions of kinds of criminal groups, their criminal and legal and criminological features are defined.

References

- 1 Apenov S.M. *Bull. KNU. Ser. International relations and international law*, 2015, 1, p. 131–138.
- 2 Criminal law of Republic of Kazakhstan: a teaching aid, Karaganda: KarYuI MIA of RK, 2010, 278 p.
- 3 Ozbekov D.O. *Bull. of the Karaganda University. Law ser.*, 2013, 3, p. 60–69.
- 4 Problemy liability of accomplices // *Criminal law. Special part*, Moscow: Triada, 2006, 562 p.
- 5 Maltsev V. *Russian justice*, 1999, 2, p. 41–52.
- 6 The course of criminal law: in five volumes / Special part, edit. G.N. Borzenkov, V.S. Komisarov, Moscow: Zertsalo, 2002, 436 p.
- 7 Abisatov M.H. *The modern state of organized crime in Kazakhstan: Preliminary results of criminological research*, [ER]. Access mode: http://www.law.edu.ru/doc/document.asp?docID=1234958#_ftn22. – 16.02.2016
- 8 Maksimov S.V., Vasin Yu.G., Utarov K.A. *State and right*, 2015, 10, p. 54–65.